

**ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы: «ЭТИКА. ҚҰНДЫЛЫҚТАР ФИЛОСОФИЯСЫ»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Этика ғылымы, мәні, құрылымы. Аксиология және адамгершілік.
2. Негізгі этикалық категориялар (парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік).
3. Адамгершіліктің алтын қағидасы (Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант). Утилитаризм және деонтологиялық теориялар (парыз теориялары).
4. Жүсіп Баласағұн философиясындағы ақиқат мәселесі. «Құт», «қанағат», «тәубе», «әділет», «сабыр» категориялары.
5. Саяси этика. Зорлық. Толеранттық. Адам құқығы. Кәсіби этика. Бизнестегі этика.

Этиканың құрылымы. Этика үш бөліктен тұрады:

- теориялық этика;
- нормативті этика;
- эмпириялық этика.

Теориялық этика — этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пәнін, ғылым ретінде даму тарихын зерттейді.

Нормативті этика — негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік пен катыгездік, ізгілік пен жауыздық, ар-ұждан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады.

Эмпириялық этика — белгілі бір кезеңдердегі адамзат ұйымдарының нақты адамгершілік келбеті туралы түсінік береді.

Аксиология - бұл құндылықтар ұғымын адам өмірін ынталандыруда бағыт-бағдар беруші, адам болмысының мән-мағыналық негізі ретінде зерттейтін философиялық пән. Әрі құнды дүниенің сипаттамасын, құрылымын, иерархиясын, оны тану тәсілдерін және оның онтологиялық мәртебесін, сондай-ақ құнды пікірлердің табиғатын, ерекшелігін зерттейді. «Аксиология» терминін 1902 жылы француз философы П. Лапиенгізді және көп ұзамай осы жылы И. Крейбиг енгізген өзінің «бәсекелес» - «тимология» (гректің «құн» сөзінен) терминін ығыстырды, 1904 жылы Эдуард фон Гартман философиялық пәндер жүйесіндегі негізгі құрамдас бөліктердің бірі ретінде ұсынған.

Құндылықтардың негізгі түрлерінің бірі - адамгершілік құндылықтар болып табылады. Осы құндылықтар түрін дұрыс түсіну үшін адамгершілік туралы білім қажет. Этика адамгершілік туралы ғылым ретінде осы мазмұнда білім береді. Аксиологияда жоғары абстрактілі теориялық деңгей – философиялық аксиология болса, төменгі тәжірбиелік деңгей – қолданбалы аксиология саналады. Бұған философиялық, психологиялық, антропологиялық, т.б. идеялық теорияларды жатқызуға болады.

«Тарих қойнауында өмірдің небір сан-қилы ой-шұңқыры, тау-белесі көп, ешкім шетін көріп, шегіне жетпеген ұзақ жолы – адам баласының қоғамдағы өз орнын табу бағытындағы арман-тілек, мақсат-мүдделерімен ұштасып жатыр. Осындай жетілу, кемелдену процесінде адамзат баласының белгілі бір жетістіктерге жетуі – адам құдіретінің жемісі. Шалысы көп тарих адамға деген құрметті жігерлендіріп рухтандырды. Адам күні адаммен деген, адам өмірі, қоғамы өзара қарым-қатынассыз болмайды. Адамгершілік адам арасындағы қарым-қатынас пен қабілеттен туындайды.

Әрбір жанның өмірдегі, қоғамдағы өз орнын білу және кісілік қасиетті құрметтеуі – адамгершіліктің көріністері. Адамгершілік – өмірдің де, ойдың да тұғырын ұстайтын тірек, көтермелейтін дінгегі. Адамгершілік қасиеті есеюді, еңбектене білуді үлгі-өнеге тұтады. Сол арқылы адамның кісілік келбетін таниды. Зерделі де рухани дүниесі терең адам өзіне де, өзгеге де жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан ол өз басындағы қадір-қасиеттерді, қабілеттерді, құндылықтарды одан әрі дамыта береді. Ең алдымен ол өз ісін үнемі адамгершілік тұрғысынан бағалап отырады».

Барлығы адамзат баласының рухани дүниетанымдық шеңберде қалыптасып дамыған, өмірлік тағылым-тәжірибенің негізінде өзіндік терең мән-мазмұнға ие болған идеялық құндылықтар арқылы тарихтың әр кезеңінде ғана емес, әрі ұрпақтар сабақтастығымен болашаққа да бағыт-бағдар болған адамгершілік танымдары әр кез рухани әлемге насихатталып отырса керек. Адамгершілік танымдар – мәдени-рухани мұраның бағыт ұстар темірқазығының рөлін атқарды.

Адамшылықтың басты қағидасы ата-ана, ел жұртын, туған жерін қастерлеу, көздің қарашығындай сақтау, қорғау керектігіне баса назар салған. Халық даналығының негізі – қазақтың рухани дүниесіндегі құндылықтар. Олар – мейірімділік, қонақжайлылық, обал-сауап, борыш пен парыз, имандылық, намыс, т.б. сияқты түсініктер. Бұлардың әрқайсысы адамгершілік қасиеттің өзіндік бағалы көріністері. Бұлардың әрқайсысы болған жерде ар бар, ұят, ерлік бар, жігер бар, қайсарлық, алған мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңе алатын табандылық бар.

Жалпы, рух деп отырғанымыз, өз кезегінде, «халықтың материалдық, күнделікті өмір-тәшпұғынан тыс, әрі жоғары тұрған жан дүниесі, оның бет-бейнесінен көрінетін биік еңсесі, мәртебесі мен жігері. Оның негізі – өткен тарихы, салт-санасы, жыр-дастандары, ата-бабаларының өнегелі, ерлік істері мен айтқан даналық нақыл сөздері, қиындықтарда желеп-жебеп жүретін әруақтары, сарқылмас күші, мұқалмас қаруы. Оны қозғайтын, қайрап-суаратын халықтың ізгі армандарына дөп келетін жалынды ұрандық сөздер мен биік мұраттар.

Ежелгі грек этикалық ойының қалыптасуы философиялық дүниетанымның қалыптасу жағдайында орын алды. «Адам - барлық заттардың өлшемі...» деген ойды айтқан софистердің белгілі өкілі – Протагор болды. «Даналық және адамгершілікке қатысты мәселе тұрғысынан ең бастысы грек данасы, кемеңгері Сократ есімімен байланыстыру орынды болмақ. Қалыптасқан түсінік бойынша бұл данышпаннан бұрын ешқандай ойшыл осы мәселеге ден қоймаса керекті. Бәрімізге белгілі бұдан бұрынғы ойшылдар тек дүниенің алғаш заты мәселелерін зерделеген. Ал адам мәселесін тұтас дүниеден бөліп алып, өз дербес күйде сараламаса керек.

Соған қарағанда, осы Сократ алғаш рет тіршілік иесі мәселесін көтерді. Негізгі алдағы мұраты - өз еліне игілік, қайырымдылықты көрсету. Бұған баратын бағдар біріншіден, тек тіршілік иесі – пендеге ғана тән дәулеті – ол жан-сезімі. Пенденің жан-дүниесіндегі қазынасы, ой-санасының деңгейі – әлеуметтік топтың белді бағдары. Тіршілік иесі ретіндегі өзіндік ой-сана қарымы, еркіндік, байыптылықтың бар болуы – адамзаттың маңызды да мәнді өмір мәнді ғұмырындағы адами қадір-қасиетке тән жақсылықтарды жан-дүниесімен қабылдай білуі. Оның түп-негізінде тек саналы жан иесіне ғана тән болып келетін қастерлі мінез-құлықты, мәдениетін дамытуға бағыттайтын игі, құтты ниеттермен астасып жатады.

Жан әлемінді тану адамды өзін-өзі тану сатысына көтереді. Пендеге ғана тән кісілік іс-әрекеттері оның жан сезімін көрсетсе, ал оның өмірдегі көрінуін сезіу, таныу, қолданған нәрселерді қабылдап, олардың мән-жайын тіршілік тәжірибесімен салыстыра отырып, пайымдауының нәтижесінен келіп шығады. Сондықтан да әр адам өзін-өзі танымайынша, ғаламды өз дәрежесінде түсінуі мүмкін емес. Жаратылыстың бөлшегі саналатын пенденің таным болмысы сол табиғат дүниесі тұрғысынан сараланады. Соған қарағанда, пенденің таным-түсінігіндегі ақпараттар дүниесі тек сол аяда ғана емес, өзінің ішкі рухани мәдениеті, өмірімен де зерттеледі.

Әр пенденің кісілік мінезіне тән дұрыс не бұрыс қылықтары, көркемдігі әрі көріксіздігі, дәл жоғарыда атап кеткендей, өмірден алынған білім ғана емес, ең бастысы өз іс-әрекетімен сараланады. Өйткені, тәршілік иесіне дарытылған қасиеттер тек жақсы жағынан ғана молынан берілуі санаға сыйымсыз нәрсе. Ендеше, данышпан ойшылдың түсінігінде, көзі адамның өзінде, оның іс-әрекетінде: «Сен алдымен өзіңді таны», «Менің білетінім – менің ештеңе білмейтіндігім, ал басқалары мұны да білмейді».

Аристотельдің еңбектерінде (б.з.д. 384 - 322 жж.) антикалық этика өзінің ең жоғарғы деңгейіне жетеді. Аристотельдің этиканың дамуына сіңірген еңбегі өте зор: ұғым атауын енгізді, этика мәселесіне қатысты 3 шығарманың авторы («Никомах этикасы», «Эвдемов этикасы», «Үлкен этика»). Аристотельде «этика» 2 мәнге ие: тар мағынасында бұл этикалық ізгіліктер, ақыл-ой мен мінез-құлықтың кемел жағдайы; кең мағынасында ол саяси ғылым (яғни полис туралы ғылым).

Ортағасырлық этика - бұл антика философиясы мен дін идеяларының діни ұстанымдардың басым әсерімен үйлесуі. Геоцентризм - Құдай идеясы ортағасырлық этиканың ең маңызды реттеуші идеясының көрінісі. Ортағасырлық этикада сенушілерге міндеттелген құдай өсиеттері мораль негізі және қайнар көзі ретінде ұсынылған. Бұл Томас Аквинас жасаған арнайы құқық теориясында жақсы көрсетілген.

Қожа Ахмет Яссауи – жалпы түркілік мәдениет кеңістігінде өзіндік ілім қалыптастырып, ойлау мәдениеті мен дүниетанымдық жүйеде исламдық құндылықтар ұстанымындағы моральдық-этикалық ғылымның үлгісін салып кеткен тарихи тұлға.

Ренессанс этикасының негізгі белгілері: антропоцентризм - сол кездегі адамгершілік тұжырымдамалардың негізі адамның іс-әрекеті және оның ынтасы болды; гуманизм - адамның жеке тұлға ретінде құндылығын мойындауға, оның бостандыққа, бақытқа, теңдікке, әділеттілікке құқығын бекітуге, адамның игілігін әлеуметтік институттар мен қатынастарды бағалау өлшемі ретінде қарастыруға негізделген; ең құнды, еркін және қайталанбас шығармашылық жеке тұлға ретінде көрінетін индивидуализм (даралық ұғымы, авторлық ерекше өзіндік ерекшелік, шығармашылық жаңашылдық) туындайды.

Жаңа дәуірдегі этика пәніне үлес қосқандардың бірі Немістің класстк философы Имануил Кант болды. «Категориялық императив» яғни, «Бұлжымас парыз» қағидасын енгізе отырып, этикалық әрекетті таңдауды ұсынады.

Антиномия морального сознания развертывается у Канта в двух планах. С одной стороны, естественные побуждения человека, определяемые желанием счастья, недостаточны для формулирования моральных принципов и вообще неспособны обосновать всеобщий и необходимый принцип морального поведения. С другой, Кант видит реальную невозможность необходимого сочетания в нашем земном мире **добродетели** и счастья, т.е. морального действия и вознаграждения за него. Отсюда вытекают «постулаты практического разума»: существование Бога как гаранта нравственного закона и воздаяния добром за нравственное поведение; свобода воли как условие нравственного поведения, свободного от слепого подчинения законодательству природы, включая естественное стремление к счастью; бессмертие души как условие того, что вознаграждение неизбежно последует за нравственным поведением, раз оно невозможно на этом свете «даже с помощью самого пунктуального соблюдения моральных законов».

Қазақ ойшылдарының арасында этикалық категорияларға бас назар аударғандардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Ол өзнің «Үш анық» трактатында этикалық категорияларға талдау жасай отырып, ұждан, ар, әділдік, мейірім, жанның мәңгілігі жөнінде мәселелерді ғылыми тұрғыда шеше білді. Этиканы ар ілімі деп түсінген ойшыл:

Қайнар көңіл,

Жайнар өмір,

Ар ілімі оқылса!,- деп жырайды.

«Құндылықтар» ұғымы өзін философиялық категория ретінде тек жақында көрсетті: бірінші рет ХІХ ғасырдың 60-шы жылдары неміс философы, табиғат зерттеушісі Герман Лотце енгізген деп саналады. ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында философия аясында зерттеу пәні құндылықтар болған ерекше пән – аксиология өмірге келеді. «Құндылықтар» түсінігін ХVІІІ ғасырда И.Кант, ХІХ ғасырда Гегель, Шеллинг қолданған. Ницше әйгілі «құндылықтарды қайта бағалау» мәселесін тұжырымдады.

Этика категориялары - моральдың маңызды элементтерін көрсететін этика ғылымының негізгі түсініктері. Этика категориялары тек теориялық құрылымдар ғана емес, әрі қоғам санасында стихиялы қалыптасқан түрде де өмір сүреді. Мәселен, мән-мазмұнына Аристотель талдау жасаған «әділеттілік» ұғымы әрбір адамның санасында, кез келген қоғам, әлеуметтік топтар санасында болады. Этикалық категориялар жүйесін анықтаудағы түрлі көзқарастардан жалпыға танымал, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызды категорияларды бөліп көрсетуге болады: жақсылық пен жамандық; игілік; әділеттілік; парыз; арождан; жауапкершілік; қадір-қасиет және намыс. Сонымен бірге, бұған өмірдің мәні, бақыт және т.б. жатады.

Парыз – белгілі бір жағдайларға қатысты жеке тұлғаның қоғамға, басқа адамдарға моральдық міндеттегі қарым-қатынасын білдіретін этика категориясы. Парыз адам өзі үшін барлығына қатысты адамгершілік талаптар негізінде қалыптастыратын адамгершіліктік міндет болып табылады.

Намыс – адам баласының жан дүниесі және Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, болашақтағы оның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні, яғни жеке бастың абыройы дегеніміз жалпы ұлттың абыройы деген сөз. Адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс – адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсіну және ажырата білуі қасиеті.

Адам бойындағы ізгі қасиет, ар-намыс – адамдардың қарым-қатынас мәдениетіндегі ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсіну және ажырата білуі қасиеті. Көне Қытай тарихында өзіндік орны ерекше ұлы кемеңгер тұлға Конфуций өз халқына мынадай нақыл сөзін қалдырған: «Парасатты адам танымының тереңдігімен, жанының жалындылығымен ерекшеленбей тұра алмайды. Оның жүгі ауыр, жолы ұзақ. Ол көтеретін жүктің аты - адамгершілік. Бұл ауыр жүк емей немене? Бұл жолдан оны ажал ғана айыра алады...». «...Дана адам асып-тасымайды, талғамайды, батыл адам қорықпайды».

Әл-Фараби адамның ар-ожданы алдында таза, шыншыл болуын оның бойындағы ізгі қасиеттерден, іс-қимылының дұрыс болуынан деп түйіндейді. Адамның өз бойындағы қасиеттерді қастерлеуі - адамшылықтың басты қағидасы. Дананың дүниетанымның өзегі адамдыққа, кісілікке тірек болатын қасиеттерге талдау жасауы, этикалық жүйелері адамгершілік қағидаларға негізделген.

«Ғұлама айтылған дүниелердің түйіні ретінде даналыққа тоқталады. Оның пікірінше, даналық (немесе философия) адам мақсатының тамаша көркемдікке ие болуы. Бұл адамның іс-әрекеті даритын қасиеті бар заттарды танудың негізінде білім алушылық. Мұны Фараби практикалық және азаматтық философия деп атайды. Бұл жерде біз даналықтың және адамгершіліктің өзара байланысының маңыздылығы тереңде екендігін байқаймыз. Даналық ең бастысы ақыл-парасатпен өлшенеді. Фараби адамдардың ақыл-парасат арқылы ғана философияны меңгеретінін және сол философияның арқасында ғана адамдар бақытқа жететіндігін көрсетеді».

Утилитаризм (латын тілінен «utilis» - пайдалы) - пайдалы қызмет, мінез-құлықтың немесе әрекеттің моральдық құндылығы оның пайдалылығымен анықталатын этика бағыты, этикалық теория. Оның негізін қалаған – ағылшын моралисі – И.Бентам. Оның пікірінше, әрбір іс-әрекет өнегелі болу үшін, адамның жеке мүдделерін қанағаттандыруы тиіс. Соның нәтижесінде ғана іс-әрекетпен «көп адамға үлкен бақыт» сыйлайсың. Әрбір пайдалы іс-әрекет астарында оның нәтижесіндегі рахаттану немес бақыт тұспалданады. Утилитаризм дегеніміз этикалық теориялардың кезекті тобын білдіреді, өйткені ол әрекет өздігінен емес, оның нәтижелері бойынша бағаланады.

Утилитаризм негізінде геодонизм немесе эвдемонизм, яғни ең жоғары құндылық рақат немесе бақыт деп білетін құндылықтық ілімдер жатады. Ал деонтология немес деонтологиялық этика (гр. «борыш», «парыз») - мораль және адамгершілік жөніндегі ілім, этиканың бөлімі. «Деонтологиялық» ұғымын алғаш рет Чарли Данбар Броуд 1930 ж. жарық көрген «Этикалық теорияның бес түрі» кітабында қолданған. Мінсіз әрекетті бағалау кезінде деонтология белгілі бір ережелерге сәйкестігін немесе сәйкес еместігін басшылыққа алады.

XI ғасырдың данышпан ойшылы, көреген саясаткер Жүсіп Баласағұн адамзат баласына ортақ игілік – құндылықтар жөнінде «даналық ой-иірімдері өміршең» шығармашылығы және қызметімен танымал тұлға болған. Данагөйдің «Құтадғу білік» (мағынасы құт әкелетін білім дегенді білдірсе керек) шығармасының мақсаты – адамзат баласын адамгершілік, имандылық сияқты асқақ абзал қасиеттерге ұмтылдыру. Жүсіп Баласағұн шығармасында басты кейіпкерлердің өзара сұхбаты тұрғысынан ел басқару өнері, ел билеу істері жөнінде өзінің философиялық ой түсініктерін көрсете білген: Күнтуді – әділет, Айтолды – құт, дәулет, Өгдүлміш – ақыл, парасат, Одғұрмыш – қанағат.

Күнтуді – әділет, Айтолды – құт, дәулет, Өгдүлміш – ақыл, парасат, Одғұрмыш – қанағат.

Сол кездің өзінде адамзат баласының ең басты дәулеті, байлығы – білім екендігіне, оның елге пайдасы мол әрі бақытқа жеткізетін бірден бір жол екендігіне баса назар салынған. Қазіргі таңда елімізде қолға алынып жатқан бағыт-бағдар, іс-әрекеттердің бастауы осында жатса керек.

Қанағат - барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қанағатшыл кісі – кішіпейіл, қарапайым, игі жұмсақ.

Әр адам өзінің осы дүниеде бар екеніне, денінің саулығына, қол жеткізген табыстарына, жеткен биігіне тәубесі болғаны жөн. Яғни, тағдырға ризашылығын білдіріп, шүкіршілік қылу, тәубе деу, қанағат тұтушылық ұстанғаны дұрыс. Бұл құдайын есіне келтірді дегенге саяды. Қанағат – иманы кәміл мұсылман кісінің бойында көркем мінезге жататын әдептілік, әрі рухани қасиеттердің бірі. Ал адам баласын жақсы мінез-құлыққа, жақсылыққа тәрбиелеу – көне түркілік дәстүрден келе жатқан басты қағида ислам дінімен жалғастық, үйлесім тауып, оның да негізгі мақсаты болған. Әдептіліктің басты белгісі, адам баласының сана-сезімі мен іс-қимылындағы жақсы әдет осы – қанағатшылық.

Кез келген адам шын ниетімен өз қолынан келгенше қандайда бір әрекет жасаса, сол әрекетінің нәтижесі мөлшері, жемісі қаншалықты болса да соны қанағат тұтушылық. Бұл өз кезегінде, адамды шыдамдылыққа, төзімділікке, мінездің сабырлылығына да шыңдайды. Әрі астамшылыққа, көрсеқызарлыққа, сұғанақтылыққа жол бермейді. Қанағат ұстанған адам жұмсақ, кішіпейіл де қарапайым болып, көптің құрметіне бөленеді. Демек, бұл «әдет» баршаның бойына жарасатын көркем мінез әрі ешқашан да ортаймайтын жақсы мінездің жауһары дегенге саяды.

Жас ұрпақтың рухани жан дүниесі бай, ой парасаты кемелденген, адамгершілігі жағынан кіршіксіз таза жан-жақты дамыған білімді де мәдениетті, өнегелі азамат болып өсуі – ең жоғары тілек, ең биік мақсат. Әрине, бұл жерде, ең бастысы бабаларымыздың мұраларындағы философиялық көзқарастарынан туындаған даналық ойларының бүгінгі ұрпаққа өнеге боларлық рухани сабақтастықтың өзіндік ерекшелігіне баса назар аударуымыз керек. Кез келген халықтың алыс заманалардан бері қарай тартылған ұрпақтар сабақтастығы – рухани сабақтастық. Ұлағатты ойдың өнегелі өресі уақыт өткен сайын кеңейе бермек. Ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықтың қуаты мен құдіреті осында жатыр.

Саяси этика - саяси қызметтің принциптері мен нормаларының этикалық жағын философиялық түсіну, нақты саяси проблемалар мен жағдайлардың этикалық құрылымын, саяси іс-қимылдардың моральдық негіздері мен оң мақсаттарын нақтылау. Саяси этика дамуына елеулі үлес қосқандар Платон, Аристотель, Цицерон, Ф.Аквинский, Макиавелли, Т.Мор, Т.Гоббс, Шарль де Монтескье, И.Кант, Г.Гегель, М.Вебер, К.Маркс сынды ойшылдар.

Мәдени-тарихи көзқарас тұрғысынан «толеранттылық» ұғымы «төзімділіктің» өзіндік синонимі болып табылады: лат. – tolerantia; англ. – tolerance, toleration, нем. – toleranz, фран. – tolerance. Тарихи-мәдени даму және философиялық ойдың қалыптасуы процесінде «толеранттылықтың төзімділігі» санаты өзгерістерге ұшырады. Бұл табиғи құбылыс болып табылады, өйткені қоғамдық құрылымның өзгеруімен адамдық қарым-қатынаста түрлі идеялар қойылды.

Кәсіби этика - адамның өзінің кәсіби борышына деген көзқарасын анықтайтын моральдық қағидалар жиынтығы. Кәсіби этика адамдардың еңбек саласындағы адамгершілік қатынастарын реттеуге бағытталған. Заңдылықтардан басқа қандай да бір кәсіби қызмет қалыптасатын моральдық принциптері бар қоғам дұрыс өмір сүреді және дамиды. Кәсіби этика философиялық тұрғыдан алғанда мінез-құлықтың жалпы адамзаттық моральдық-этикалық принциптеріне негізделеді, яғни не дұрыс, не бұрыс саналатын мораль мәселелерін қамтиды.

Бүгінгі таңда іскерлік қарым-қатынас этикасы деп жалпы қабылданған адами құндылықтарға негізделген және бір компанияның мүшелерін біріктіретін ережелер жүйесін атайды. Әдетте, бизнестегі этика оның қызметкерлерінің мүдделерін ғана емес, сонымен қатар мақсатты аудиторияны, әлеуетті және нақты серіктестерді, тіпті бәсекелестерді құрметтеуге сүйенеді. Бизнес этикасы іскерлік адамның келесі басты қасиеттерін болжайды: алқаластық сезімі, парасаттылық және адалдық, конструктивті сынға қабілеттілік, құзыреттілік және кәсіпқойлық, лауазымға сәйкестігі, жанжалсыздық, меншік құқығын құрметтеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, хабардарлық, корпоративтік, әлеуметтік жауапкершілік.